

М. Ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТТІК МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СУРЕТШІЛЕР ОДАҒЫ



ҚАЗАҚСТАН
СУРЕТШІЛЕРІНІҢ
КӨРМЕСІ

СУРЕТШІЛЕРДІҢ СУБЕЛІ ЕҢБЕГІ



Қазақстан Республикасының Президенттік мәдениет орталығында Елбасы Н. Назарбаевтың туған күні мен Астана күнін кең көлемде мерекелеу жыл сайын игі дәстүрге айналып келеді.

Биылғы жылы Мәдениет министрлігінің қолдауымен «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты әдемі ән кеші мен еліміздің танымал қылқалам шеберлерінің көрмесін өткізгелі отырмыз. Осылайша Орталық Астана күні қарсаңында жұртшылыққа бейнелеу және қолданбалы өнер шеберлерінің таңдамалы туындыларын тамашалау мүмкіндігін сыйлап отыр.

Көрмеге еліміздің белгілі өнер шеберлерінің тәуелсіз мемлекетіміздің дамуы мен ұлт мәдениетінің биік деңгейін танытатын шығармалары іріктеліп алынды. Мұнда бейнелеу өнері хас шеберлерінің еңбектерімен қатар жас талапкер суретшілердің де туындылары қатар қойылып отыр.

Бұл көрме «Кескіндеме», «Мүсін», «Графика», «Тоқыма» және «Зергерлік бұйымдар» атты төрт бөлімнен тұрады.

Көрменің негізгі мақсаты – Қазақстан қылқалам шеберлерінің еңбектерін насихаттау, сол арқылы еліміз мәдениетінің өскендігін жан-жақты таныту болып табылады.

Бейнелеу өнері жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттық сезімге, тәрбиелеудің бірден-бір құралы екендігі мәлім. Мұны көрмеге қойылған А. Дүзелхан-ның «Ару-Астана», К. Муллашевтың «Астана. Есіл жағалауы», Н. Қарымсақов-тың «Елбасы», «Самұрық» туындыларынан, Б. Байділданың «Б. Момышұлы», Қ. Отарбайдың «Қазтуғанның Еділмен қоштасуы», Е. Айтуаровтың «Қазақстан әнұраны», О. Рыстанның «Қобыз», Т. Ордабековтың «М. Әуезов» тақыры-бында салған еңбектерінен айқын аңғаруға болады.

Сонымен қатар бұл көрмеге белгілі өнер шеберлері А. Бапанов, С. Бапановалардың «Көшпенділер», «Жұмақ ағашы» туындылары, М. Мұқанов, А. Жамханның «Дала мозайкасы», Б. Төлешованың «Ойын», Р. Базарбаеваның «Күн құдайы», Н. Баженованың «Әлем негізі» атты гобелендері қойылып отыр. Халқымыздың сан ғасырлық дүниетанымына сай жоғары талғаммен орындалған бұл еңбектер көрген адамды бей-жай қалдырмасы анық.

Ағаштан түйін түйген, көрік ұстаған шеберлердің бүгінгі ізбасарлары да бұл көрмеге өздерінің таңдаулы еңбектерін ұсынып отыр. Оған М. Әйнековтың «Шәкәрім», «Бақыт», Б. Әбішовтың «Томирис», «Салт атты батыр», Б. Құсайыновтың «Домалақ ана», А. Жұмабайдың «Қазақ қызы», «Келін», Г. Ахметовтың «Құрманғазы», Б. Мұхамеджановтың «Өмір» туындыларын тамашалап, көз жеткізуге болады.

Көрмеде бейнелеу және қолданбалы өнер жанрының әр түрлі бағыттарымен белсенді жұмыс жасап жүрген 72 суретшінің 140-тан астам шығармалары орын алған. Бұдан әрбір өнер иесінің ешкімге ұқсамайтын қайталанбас қолтаңбасын байқауға болады. Бұл көрмені Астана күніне арналған Қазақстан суретшілердің сүбелі еңбегі деп бағалаймын.

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,
*Қазақстан Республикасы Президенттік
мәдениет орталығының директоры, филология
ғылымдарының докторы, профессор*